

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚАУЛЫСЫ**

2023 жылғы 23 қазан

Астана қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 82

город Астана

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының  
инвестициялық декларациясын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы үшінші бөлігінің 23-7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 36-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясы (бұдан әрі – Инвестициялық декларация) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылсын.

3. Монетарлық операциялар департаменті (Н.А. Тұрсынханов) осы қаулыны «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

4. Осы қаулы Инвестициялық декларацияның 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 20-тармағын қоспағанда, қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.

**Төраға**

**Т.М. Сүлейменов**

Көшірмесі дұрыс:  
Бас маман-Басқарма хатшысы

Ж.Мұхамбетова